



Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы (Жай операциялар) (Жолды қалпына келтіру жобасы) 1996 жылғы 18 қазандағы келісімді бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 5 наурыз N 81-1

Қазақстан Республикасы мен Азияның Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы (Жай операциялар) (Жолды қалпына келтіру жобасы) 1996 жылғы 18 қазандағы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қарыз N 1455 Kaz

Қазақстан Республикасы

мен

Азияның даму банкі

арасындағы

Қарыз туралы келісім

(Жай операциялар)

(жолды қалпына келтіру жобасы)

18 қазан 1996 ж.

ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ  
(Жай операциялар)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (осы жерде және бұдан әрі Қарызгер деп аталады)  
) мен АЗИЯНЫҢ ДАМУ БАНКІ (осы жерде және бұдан әрі Банк деп аталады)  
арасындағы ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ 18 қазан 1996 ж. КЕЛІСІМ.

М ы н а ж ә й т т і :

(А) Қарыз туралы осы Келісімге 1-қосымша сипатталған Жобаның мақсаттарына арнап Қарыз беру туралы Банкке өтініш жасағанын;

(В) Қарызгер Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет деп аталады) жол секторын (i) институциялық нығайту және (ii) жолдың таңдап алынған басым учаскелерін егжей-тегжейлі жобалау (бұдан әрі Жобаны дайындау үшін техникалық көмек деп аталады) үшін техникалық көмек беру жөнінде Банкке өтініш жасағанын және Банк осы мақсаттар үшін Үкіметке жеті

жүз елу мың долларға (\$ 750.000) және екі жүз елу мың долларға (250.000) тең сомада техникалық көмек беруге келіскенін; және

(С) Банк төменде баяндалған шарттар негізінде Қарызгерге жай күрделі қаржыдан қарыз беруге келіскенін

ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,

ОСЫМЕН тараптар мынаған келісті:

## I БАП

Қарыз беру ережелері: Анықтамалар

1.01.-бөлім. Банктің жай операциялар қарызы жөніндегі 1986 жылғы 1 шілдедегі Ережелеріне енгізілген барлық ережелер Қарыз туралы осы Келісімге, олар осы құжатта толық баяндалып, мынадай өзгертулер енгізілген жағдайда, қолданылады (Жай операциялар қарызы жөніндегі аталған, осындай жолмен өзгертілген Ережелер бұдан әрі қарыз Ережелері деп аталады):

(а) 2.01. (17)-бөлім түсіріліп, мынаумен ауыстырылады: "Доллар" немесе "долларлар" термині немесе "\$" белгісі Америка Құрама Штаттарының валютасы

түріндегі доллар немесе долларлар дегенді білдіреді".

(b) 2.01. (26) және (27)-бөлімдер түсіріліп, мынадай жаңа 2.01. (26)-бөлімге енгізіледі: "Долларлық пул" Банк жай күрделі қаржыдан доллар түрінде берген қарызды қаржыландыру мақсаттары үшін Банк пайдаланатын төленбеген долларлық несиенің біріккен қоры дегенді білдіреді."

(c) 3.02.- бөлімнің соңғы сөйлемі түсіріледі.

(d) 3.02. (b) (ii) - бөлімі түсіріліп, мынаумен ауыстырылады: "(ii) "Жарамды несиелер" қарыз тұрғысынан алғанда Банктің 1992 жылғы 30 маусымнан кейін алынған долларлық пулдағы төленбеген несиесі дегенді білдіреді."

(e) 3.06.(a)-бөлімінің соңғы сөйлемі түсіріледі және сөздер 3.06.(b)-бөліміндегі Банк үшін қолайлы күнге түсіріледі.

(f) 4.06.-бөлім түсіріліп, мынаумен ауыстырылады: "Қаржы қарыз шотынан доллар түрінде алынады".

(g) 4.03.(a)-бөлімі түсіріліп, мынаумен ауыстырылады: "Қарыздың негізгі сомасы доллар түрінде өтеледі".

(h) 4.04. (a)-бөлімі түсіріліп, мынаумен ауыстырылады: "Қарыздың кез-келген бөлігіне қойылатын процент доллар түрінде төленуге тиіс".

(i) 4.05.-бөлімдегі: "және 5.02.-бөлімге сәйкес кез-келген арнаулы міндеттемелер бойынша алым" деген сөздер түсіріледі.

(j) 4.05.-бөлім түсіріліп, мынадай жаңа 4.09.-бөлім енгізілді:

Осы Ережелердегі қарама-қарсы шарттарға қарамастан қарыз тұрғысынан алғанда шоттан қарыз осындай алу мақсаттары үшін Банк доллар бөле алмайтынын айқындаған ерекше жағдайда Банк қолдайды деп есептейтін валюта немесе валюталар түрінде шығарылады. Қарыздың тиісті негізгі сомасы осындай валюта немесе валюталар түрінде өтелуге тиіс және тиісті проценттер де осындай валюта немесе валюталар түрінде төленуге тиіс. Осындай валюта немесе валюталар түрінде төленген қарыздың негізгі сомасына қолданылатын проценттік ставка Банк сатып алған осындай валюта немесе валюталар бойынша құнға негізделеді, бұған сатып алу мен сату арасындағы айырма қосылады және екеуін де Банк дүркін-дүркін орынды шекте өзгертіп отырады.

1.02.-бөлім. Қарыз Ережелерінде анықтамасы берілген бірнеше термин, Қарыз туралы осы Келісімнің қай жерінде кездессе де, контекст бойынша өзгедей талап етілмесе, бұдан әрі баяндалған тиісті мәндері бар, ал мынадай қосымша терминдердің мынадай мәндері бар:

(a) "АКД" Көлікминінің Автомобиль көлігі департаменті, яки оның кез-келген мирасқоры дегенді білдіреді;

(b) "ШКПК" Қарызгердің Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті, яки оның кез-келген мирасқоры дегенді білдіреді;

(с) "ЖД" Көлікминінің Автомобиль Жолдары Департаменті, яки оның кез-келген мирасқоры дегенді білдіреді;

(d) (ПЖБ) ("MIU") Қарыз туралы осы Келісімге 6-қосымшаның 1(b) параграфында жазылғанындай ЖД құрамында құрылған Пайдалану жөніндегі басқарма дегенді білдіреді;

(e) "ЭМ" Қарызгердің Экономика министрлігі, яки оның кез-келген мирасқоры дегенді білдіреді;

(f) "ККМ" Қарызгердің Көлік және коммуникация министрлігі, яки оның кез-келген мирасқоры дегенді білдіреді;

(g) "ЖЖАБТ" Қарыз туралы осы Келісімге 6-қосымшаның 1(a) -параграфында жазылғанындай, ЖД құрамында құрылған Жобаны жүзеге асыруды басқару тобы дегенді білдіреді;

(h) Қарыз мақсаттарына арналған және Қарыз Ережелерінің мәні

шеңберінде жұмыс істейтін "Жобаны орындау жөніндегі агенттік" Жобаның орындалуына жауап беретін ЖД дегенді білдіреді;

(i) "Жоба жабдығы" Жоба шеңберінде сатып алынып, құрастырылуға тиіс жабдық дегенді білдіреді;

(j) "ЖБК" Қарыз туралы осы Келісімге 6-қосымшаның 2-параграфында жазылғанындай, Жобаны бақылау комитеті дегенді білдіреді;

(k) "ЖМЖЖ" ЖД немесе оның кез-келген мирасқоры құрамында Жолдың мемлекеттік торабы үшін жауапты дегенді білдіреді.

## II БАП

### Қарыз

2.01.-бөлім. Банк Қарызгерге Банктің Жай күрделі қаржысынан елу миллион доллар (\$50.000.000) беруге келісті.

2.02.-бөлім. Қарызгер Банкке, қарыз Ережелерінің 3.02.-бөліміне сәйкес айқындалғанындай, процент төлейді.

2.03.-бөлім. (a) Қарызгер жылына бір проценттің төрттен үш бөлігі (0,75%) мөлшерінде комиссиялық алым төлейді. Қарыз туралы осы Келісім жасасылған күннен кейін алпыс (60) күн өткен соң басталатын кейінгі кезең бойына қарыз сомасында (дүркін-дүркін алынатын сома шегеріп тасталады) жиналады, одан әрі:

он екі айдан тұратын бірінші кезең бойына - \$ 7.500.000 сомасында;  
он екі айдан тұратын екінші кезең бойына - \$ 22.500.000 сомасында;  
он екі айдан тұратын үшінші кезең бойына - \$ 42.500.000 сомасында;  
бұдан кейін қарыздың толық сомасында жиналады.

(b) Егер Қарыздың әлдебір сомасының күші жойылса, онда осы Бөлімнің (a) параграфында көрсетілген әрбір бөлігінің сомасы жойылған бөліктің осындай күші жойылғанға дейін Қарыздың толық сомасына қатысы қандай болса, сондай үйлесімде а з а й т ы л а д ы .

2.04.-бөлім. Қарыз бойынша проценттер мен басқа да алымдар алты айда бір рет әр жылдың 1 наурыз және 1 қыркүйекте төленіп тұрады.

2.05.-бөлім. Қарызгер қарыз шотынан алынған қарыздың негізгі сомасын Қарыз туралы осы Келісімге 2-қосымшада келтірілген амортизациялық кестеге сәйкес төлеп т ұ р а д ы .

## І І І Б А П Қ а р ы з қ а р ж ы с ы н п а й д а л а н у

3.01-бөлім. Қарызгер Қарыз қаржысының Қарыз туралы осы Келісімінің ережелеріне сәйкес Жоба бойынша жұмсалатын шығындарды қаржыландыруға п а й д а л а н ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і .

3.02.-бөлім. Қарыз қаржысынан қаржыландыруға тиіс тауарлар, қызметтер және басқа шығыс баптары, Қарыз сомасына осындай тауарлардың, қызметтердің түрлі санаттары және басқа шығыс баптары арасында бөлу Қарыз туралы осы Келісімге 3-қосымшаның ережелеріне сай келеді және мұндай Қосымша Қарызгер мен Банк арасында келісе отырып оқтын-оқтын толықтырылуы мүмкін.

3.03. Қарызгер мен Банк өзгеше уағдаласатын реттерден басқа жағдайда Қарыз Қаржысынан қаржыландыруға тиіс барлық тауарлар мен қызметтер Қарыз туралы осы Келісімге 4-қосымша мен 5-қосымшаның ережелеріне сәйкес сатып алынады. Банк Қарызгер мен Банк арасында келісілген ережелерге сай сатып алынбаған тауарларды немесе қызметтер жөніндегі контрактіні немесе контракт шарты Банкті қанағаттандырмайтын жерде қаржыландырудан бас тарта алады.

3.04. Қарызгер мен Банк өзгедей уағдаласуы мүмкін реттерден басқа жағдайда Қарызгер Қарыз қаржысынан қаржыландырылатын барлық тауарлар мен қызметтердің

тек қана Жобаның орындалуы үшін пайдаланылуы жолында барлық шараларды қолданады .

3.05. Қарыз ережелерінің 8.03-бөлімнің мақсаттары үшін Қарыз шотынан қаржы алу үшін соңғы күн 2000 жылдың 30 қарашасы болып табылады немесе Қарызгер мен Банк арасында оқтын-оқтын келісілетін басқа күн болып табылады.

## І V Б А П Е р е к ш е ш а р т т а р

4.01.-бөлім (а) Қарызгер Жобаның тиісті іждағаттылықпен және тиімділікпен, орынды әкімшілік, қаржы, инженерлік және жол практикасына сәйкес, айналадағы орта жағдайларын ескере отырып орындалуы үшін барлық шараларды қолданады.

(b) Жобаны орындау және Жоба жабдығын пайдалану кезінде Қарызгер Қарыз туралы осы Келісімге 6-қосымшаның ережелерінде баяндалған барлық міндеттемелерді орындайды немесе орындауға жәрдемдеседі.

4.02.-бөлім. Қарызгер қажеттігіне қарай Жобаны орындау үшін және Жобаның жабдығын күтіп, пайдалану үшін Қарыз қаржысына қосымша түрде талап етілетін қаражат, жабдық, қызметтер мен өзге де ресурстар береді.

4.03.-бөлім. (а) Жобаны орындау кезінде Қарызгер Қарызгер мен Банк үшін қолайлы білікті кеңесшілер мен мердігерлерді Қарызгер мен Банкті қанағаттандыратын шек пен шартта жалдауды қамтамасыз етуге тиіс.

(b) Қарызгер Жобаның қарызгер мен Банк үшін қолайлы жоспарларға, жобалау нормаларына, жұмыстардың ерекшеліктеріне, кестелеріне және құрылыс әдістеріне сай орындалуын қамтамасыз етеді. Қарызгер олар дайын болғаннан кейін бірден осындай жоспарларды, жобалау нормаларын, жұмыстардың ерекшеліктерін, кестелерін және олардың кез-келген елеулі материалдық үлгілерін Банк орынды шекте сұратуы мүмкін егжей-тегжейлерімен бірге Банкке беруге немесе берілуін қамтамасыз етуге тиіс.

4.04. Қарызгер өзінің бөлімшелері мен агенттіктерінің Жобаны орындау және Жоба жабдығын пайдалану жөніндегі қызметі орынды әкімшілік саясат пен қағидаларға сай жүзеге асырылуын және үйлестірілуін қамтамасыз етеді.

4.05.-бөлім (а) Қарызгер Жоба жабдығын тиісті дәрежеде, қауіп-қатерге қарсы және орынды практикамен үйлесетін сомада сақтандыру үшін Банкті қанағаттандыратын шараларды әзірлейді .

(b) Жоғарыда баяндалғанның жалпы мәнін шектеместен Қарызгер Жоба үшін

шеттен әкелінетін және Қарыз қаржысынан қаржыландырылуға тиіс тауарларды сатып алуға, тасымалдауға және пайдаланылатын жеріне жеткізуге немесе орнатуға байланысты қауіп-қатерге қарсы сақтандыру үшін кепілдік береді немесе шаралар қолданады және осындай сақтандыру үшін кез-келген сома осындай тауарларды ауыстыру немесе жөндеу үшін еркін пайдаланылатын валюта түрінде төленеді.

4.06.-бөлім (а) Қарызгер Қарыз қаржысынан қаржыландырылатын тауарларды, қызметтер мен басқа да шығыс баптарын бір ізге келтіру үшін және оларды Жобада пайдалануға ашу үшін, Жоба барысындағы прогресті тіркеу үшін (оның құнын қоса), Жобаны орындауға және Жоба жабдығын немесе оның кез-келген бөлігін пайдалануға жауапты Жол департаменті мен Қарызгердің басқа да агенттіктерінің операциялары мен қаржы жағдайын бухгалтерлік есептік қазір қолданылып жүрген принциптеріне сәйкес көрсету үшін жеткілікті жазбалар мен шоттарды жүргізеді немесе оларды жүргізуге шаралар қолданады.

(b) Қарызгер (i) Жоба үшін бөлек шоттар жүргізеді немесе ол үшін шаралар қолданады; (ii) біліктілігі, тәжірибесі мен шарт талаптары банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлар арқылы шоттарды және оларға қатысы бар қаржы есептерін тиісті нормаларға сәйкес жыл сайын аудиттен өткізіп отырады; (iii) мүмкіндігіне қарай, бірақ кез-келген жағдайда әрбір тиісті қазыналық жыл аяқталғаннан кейін тоғыз (9) айдан кешіктірмей, Банкке осындай тексерілген шоттар мен қаржы есептерінің және тексеру нәтижелері туралы аудиторлар есептерінің (Қарыз қаржысының пайдаланылуы және Қарыз туралы осы Келісімнің шарттарына сай келуі жайында аудиторлардың қорытындысын қоса) расталған көшірмелерін ағылшын тілінде табыс етеді; (iv) осындай шоттарға, қаржы есептеріне және олардың аудитіне қатысты Банк оқтын-оқтын сұратуы мүмкін өзге де ақпаратты Банкке табыс етеді.

(c) Қарызгер, Банктің өтініші бойынша, Қарызгердің Жоба жөніндегі қаржы есептерін және оның Жобаға қатысты қаржы операцияларын Банктің оқтын-оқтын Қарызгердің аудиторларымен бірге талқылауына, егер Қарызгер өзгедей келіспейтін болса, мұндай кез-келген талқылау Қарызгердің уәкілетті өкілінің қатысуымен өткізілетін жағдайда ғана, Банктің өтініші бойынша, кез-келген талқылауға осындай аудиторлардың қатысуына уәкілдік беруіне және олардың өкілдерінің қатысуын талап етуіне мүмкіндік береді.

4.07.-бөлім. (a) Қарызгер (i) Қарыз, қаржының жұмсалуды және тиісті іс-қимылдардың орындалуы; (ii) Қарыз қаржысынан қаржыландырылатын тауарлар, қызметтер мен басқа да шығыс баптары; (iii) Жоба; (iv) ЖД-ның және Қарызгердің Жобаны орындауға және Жоба жабдығын немесе оның кез-келген бөлігін пайдалануға жауапты басқа да агенттіктерінің басқаруы, операциялары мен қаржы жағдайы; (v) Қарызгер аумағындағы қаржы және экономикалық жағдай; (vi) Қарыз мақсаттарымен

байланысты басқа да кез-келген мәселелер жөнінде Банк жеткілікті негіздемемен сұрататын барлық осындай есептер мен ақпаратты табыс етеді немесе табыс ету үшін шаралар қолданады.

(b) Жоғарыда баяндалғанның жалпы мәнін шектеместен Қарызгер Банкке Жобаның орындалуы туралы, іс-қимыл және Жоба жабдығын басқару туралы тоқсан сайын есептер береді немесе оларды табыс ету үшін шаралар қолданады. Мұндай есептер Банк жеткілікті негізде сұрататын нысанда, егжей-тегжейде, тиісті уақыт ішінде беріледі және сонымен қатар қол жеткен табыс және қаралып отырған тоқсанда тап болған проблемалар, осы проблемаларды шешу үшін қолданылған және болжамды шаралар, іс-қимылдардың ұсынылатын бағдарламасы және келесі тоқсан ішінде болатын болжамды прогресс көрсетіледі.

(c) Жоба нақты аяқталғаннан кейін көп ұзамай, бірақ кез-келген жағдайда осыдан кейін үш (3) айдан кешіктірмей немесе осы мақсаттар үшін Қарызгер мен Банк арасында келісілуі мүмкін кешірек мерзімде Қарызгер Банк жеткілікті негізде сұратуы мүмкін нысанда және егжей-тегжейде Жобаның орындалуы және бастапқы іс-қимылдары туралы, оны құнын қоса, Қарызгердің Қарыз туралы Келісім бойынша өзінің міндеттемелерін орындауы және Жобаның мақсаттарын жүзеге асыруы туралы Банкке есеп дайындап, табыс етеді.

4.08-бөлім. Қарызгер Банк өкілдерінің Жобаны, Қарыз қаржысынан қаржыландырылатын тауарлары және кез-келген тиісті жазбалар мен құжаттарды тексеруіне мүмкіндік береді.

4.09.-бөлім. Қарызгер Жоба жабдығының орынды әкімшілік, қаржы, инженерлік, жол, пайдалану және операциялық практикаға сәйкес, айналадағы орта жағдайларын ескере отырып жұмыс істеуі, пайдаланылуын, жөнделуін қамтамасыз етеді.

4.10.-бөлім. (a) Банктен бөлек кредитордың басқа ешқандай сыртқы бойынша борыш үшін Қарызгердің активтерін ұстау арқылы Қарыздан басым бола алмайтыны Қарызгер мен Банктің ортақ ниеті болып табылады. Осы мақсатпен Қарызгер (i) Банктің басқаша уағдаласуы мүмкін реттерден басқа жағдайда, қандайда болсын сыртқы борышқа кепілдік ретінде борыш үшін Қарызгердің қандайда болсын активтерінен әлдебір ұстап қалу қолданылса, онда мұндай құқықтың, айқындығына қарай, оңтайлы болуы және Қарыз бойынша негізгі соманы, процентті және басқа алымдарды төлеуге кепілдік болуы; (ii) Қарызгердің кез-келген осындай құқық жасау немесе оны жасауға жәрдемдесу кезінде осыған қатысты шұғыл сақтық амалдарын дереу қолдануы үшін шаралар қолданады.

(b) Осы Бөлімнің (a) параграфының ережелері (i) мүлікті сатып алу кезінде мұндай мүліктің сатып алу бағасын төлеудің айрықша кепілдігі ретінде борыш үшін оны



қандайда болсын ұстап қалу құқығына; немесе (ii) борыш немесе өтеу күні осы күннен кейін әрі кеткенде бір жыл өткен соң басталатын борыш кепілдігі үшін мүлікті ұстап қалудың банк операцияларының дағдылы барысында пайда болған қандайда болсын қ ұ қ ы ғ ы н а қ о л д а н ы л м а й д ы .

(с) "Қарызгердің активтері" деген терминге, оның осы бөлімнің (а) параграфында қолданылғанындай, Қарызгердің кез-келген бөлімшесінің немесе кез-келген агенттігінің активтері және Қазақстан Ұлттық Банкін және қарызгер үшін орталық банк міндетін атқаратын

кез-келген басқа мекемені қоса кез-келген осындай агенттіктің кез-келген агенттігінің активтері кіреді.

## V БАП

### Күшіне енуі

5.01.-бөлім. Қарыз туралы Келісім күшіне енуі үшін Қарызгер ережелерінің 9.04.-бөлімінің мақсаттары үшін Қарыз туралы осы Келісім жасасылған күннен кейін тоқсан (90) күндік мерзім белгіленді.

## VI БАП

### Басқа мәселелер

6.01.-бөлім. Қарызгердің Қаржы министрлігі Қарыз ережелерінің 11.02.-бөлімінің мақсаттары үшін өкіл ретінде тағайындалады.

6.02.-бөлім. Қарыз ережелерінің 11.01.-бөлімінің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

Қарызгер үшін

-----

Қаржы министрлігі

Абылай хан даңғылы, 97

Алматы 480091

Қазақстан Республикасы

Факс:

(7-3272) 636-984

(7-3272) 622-770

Банк үшін

Азияның даму банкі  
П/я 789  
0980 Манила, Филиффин

Телеграфтық мекен-жай

ASIANBANK  
MANILA

Телекс:

29066 ADBPH (RCA)  
42205 ADB PM (ITT)  
63587 ADB PN (ETPI)

Факс:

(63-2) 741-7961  
(63-2) 632-6816  
(63-2) 631-7961

ОСЫНЫ ҚУАТТАУ ҮШІН өздерінің тиісті тәртіппен уәкілдік берілген өкілдері арқылы әрекет ететін тараптар осы Келісімге өздерінің тиісті есімдерін көрсетіп қолдарын қойды және оның Банктің басты кеңсесіне жоғарыда көрсетілген күні мен жылы жеткізілуін қамтамасыз етті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

---

Уәкілетті өкіл

АЗИЯНЫҢ ДАМУ БАНКІ

---

Уәкілетті өкіл

1-ҚОСЫМША

## Жобаның сипаттамасы

### Мақсаттары

---

1. Жобаның мақсаттары: (i) Алматы-Ақмола бағытындағы Гүлшат пен Ақшатау арасындағы жол учаскесін қалпына келтіру; (ii) Алматы-Ақмола бағытындағы жолды күту мен пайдалануды жетілдіру; (iii) тұрақты пайдалану жүйесін негіздеу.

### Жұмыстардың көлемі

---

2. Жоба бойынша жұмыстардың-көлеміне мыналар кіреді:

#### А бөлігі

Алматы-Ақмола бағытындағы Гүлшат пен Ақшатау арасындағы 192 километрге жуық жол учаскесін қалпына келтіру жөніндегі жол салу жұмыстары;

#### В бөлігі

Алматы-Ақмола бағытындағы, жолға күтім жасау үшін жабдықпен қамтамасыз етуді қоса, таңдап алынған жол учаскелеріне жол күтімін жасау; жолға күтім жасау жүйесін негіздеу.

3. Жобаға консультациялық қызметтер көрсету де кіреді. Жоба 2000 жылдың 30 мамырына дейін аяқталады деп болжанып отыр.

## 2-ҚОСЫМША

### Амортизациялық кесте

(Жолды қалпына келтіру жобасы)

Төлем мерзімі

Негізгі соманы төлеу  
(доллармен)

01 Наурыз 2001

US \$ 413.900

01 Қыркүйек 2001	434.600
01 Наурыз 2002	456.300
01 Қыркүйек 2002	479.300
01 Наурыз 2003	503.100
01 Қыркүйек 2003	528.300
01 Наурыз 2004	554.700
01 Қыркүйек 2004	582.400
01 Наурыз 2005	611.500
01 Қыркүйек 2005	642.100
01 Наурыз 2006	674.200
01 Қыркүйек 2006	707.900
01 Наурыз 2007	743.300
01 Қыркүйек 2007	780.500
01 Наурыз 2008	819.500
01 Қыркүйек 2008	860.500
01 Наурыз 2009	903.500
01 Қыркүйек 2009	948.700
01 Наурыз 2010	996.100
01 Қыркүйек 2010	1.045.900
01 Наурыз 2011	1.098.200
01 Қыркүйек 2011	1.153.100
01 Наурыз 2012	1.210.800
01 Қыркүйек 2012	1.274.300
01 Наурыз 2013	1.334.900
01 Қыркүйек 2013	1.401.600
01 Наурыз 2014	1.471.700
01 Қыркүйек 2014	1.545.300
01 Наурыз 2015	1.622.600
01 Қыркүйек 2015	1.703.700
01 Наурыз 2016	1.788.900
01 Қыркүйек 2016	1.878.300
01 Наурыз 2017	1.972.200
01 Қыркүйек 2017	2.070.900
01 Наурыз 2018	2.174.400
01 Қыркүйек 2018	2.283.100
01 Наурыз 2019	2.397.300
01 Қыркүйек 2019	2.517.100
01 Наурыз 2020	2.643.000
01 Қыркүйек 2020	2.775.300

Барлығы: US \$ 50.000.000

## АЛДЫН АЛА ТӨЛЕГЕНІ ҮШІН СЫЙЛЫҚАҚЫ

Мынадай проценттер Қарыз ережелерінің 3.06.(b)-бөліміне сәйкес Қарыздың негізгі сомасының кез келген бөлігін төлем мерзімі басталғанға дейін аванс түрінде өтегені үшін төленетін сыйалықақы ретінде белгіленді.

Алдын ала төлеу уақыты	Сыйлықақы
------------------------	-----------

Алдын ала төлейтін күні

қалған төленбеген Қарыз  
сомасына қолданылатын,  
мынаған көбейтілген  
проценттік ставка (бір  
жылғы процент есебімен):

Төлем мерзіміне дейін үш жылдан аспайтын мерзім	0.13
--	------

Үш жылдан асатын мерзім,  
бірақ төлем мерзімі  
басталғанға дейін

6 жылдан аспайтын мерзім	0.25
--------------------------	------

6 жылдан асатын мерзім, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін 11 жылдан аспайтын мерзім	0.46
---	------

11 жылдан асатын мерзім, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін	
16 жылдан аспайтын мерзім	0.67
16 жылдан асатын мерзім, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін	
20 жылдан аспайтын мерзім	0.83
20 жылдан асатын мерзім, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін	
22 жылдан аспайтын мерзім	0.92
Төлем мерзімі басталғанға дейін	
22 жылдан асатын мерзім	1.00

### 3-ҚОСЫМША

#### Қарыз қаржысын бөлу және алу

##### Жалпы бөлім

1. Осы Қосымшаға тіркеліп отырған кестеде қарыз қаржысынан қаржыландырылуға тиіс тауарлардың, қызметтердің және басқа баптардың Санаттары және Қарыз сомасын әрбір Санат бойынша бөлу жолдары берілген (бұдан әрі Кесте деп аталады). (Осы Қосымшада "Санатқа" немесе "Санаттарға" жасалған сілтеме Кестенің Санатына немесе Санаттарына қатысты).

##### Салықтар

2. Қандайда болсын жергілікті салықтарға Қарыз шотынан ешқандай қаржы алынбайды.

##### Банктің қаржыландыру проценттері

3. Кестеде келтірілген Санаттардың баптары, Банкпен басқаша

келісілмеген болса, Кестеде келтірілген проценттер негізінде Қарыз қаржысынан қаржыландырылады.

4. Осы Қосымшаның 5-параграфына қарамастан, Қарыз туралы Келісімге 4-Қосымшаның тиісті ережелеріне сәйкес халықаралық конкурстық сауда-саттық өткізілгеннен кейін жергілікті жеткізушіге тиесілі кез-келген контракт Қарыз қаржысына мынадай негізде қаржыландырылады:

- (a) егер жергілікті жеткізушіден, жергілікті өндірістен сатып алынған бұйымдар жеткізілетін бұйымдардың франко-зауыт құнының 100%-і қаржыландырылса (қандайда болсын салықты қоспағанда)
- (b) егер жергілікті жеткізушіден сатып алынған бұйымдар түгелдей шеттен әкелінген болса, онда контрактілік бағаны валюталық құрамы қаржыландырылады.

Жергілікті шығындар

5. (a) Қарыздың 8.600.000 долларға баламалы сомасына дейінгі қаржысы жергілікті шығын мақсаттары үшін Қарыз шотынан шетелдік валюта түрінде алынуы мүмкін.

(b) Егер осы параграфта ерекше көзделмесе және банкпен ерекше

келісілмесе, Жоба бойынша қандайда болсын жергілікті шығындарға Қарыз шотынан ешқандай сома алынбайды.

Проценттер мен комиссиялық алым

6. 4-Санатқа бөлінетін сома Жобаны жүзеге асыру кезеңінде Қарыз бойынша проценттер мен комиссиялық алымды қаржыландыруға арналған. Банктің мерзім басталғанда проценттер мен комиссиялық алымды төлеу үшін талап етілетін соманы Қарыз шотынан алып, Қарызгердің атынан өзіне төлеуге құқығы бар.

Қайта бөлу

7. Қарыз қаржысын және Кестеде келтірілген, осы Бөлімнің 5-параграфының шарттарына бағынатын алынатын проценттерді бөлуге қарамастан.

(а) егер кез-келген Санат бойынша бөлінген Қарыз сомасы осы Санат бойынша барлық келісілген шығындарды қаржыландыру үшін жеткіліксіз болып шықса, Банк Қарызгерге хабарлай отырып, (і) осындай Санат үшін басқа Санатқа бөлінген, бірақ Банктің пікірінше, басқа шығындарға қажет болмайтын Қарыз сомасын қайта бөлуіне болады; (іі) егер мұндай қайта бөлінген қаржы есептелген тапшылықты толық өтеу алмаса, осы Санат бойынша барлық шығын жұмсалмайынша, осы Санат бойынша қаржыны алу жалғастырыла беруі үшін осы шығынға орай алынатын процентті төмендетеді;

(б) егер кез-келген Санат бойынша бұрын бөлінген Қарыз сомасы осы Санат бойынша келісілген барлық шығындардан асып түсетін болса, Банк Қарызгерге хабарлай отырып, осы артық соманы кез-келген басқа Санатқа арнап қайта бөле алады.

#### Ретроактивті қаржыландыру

8. Келісім күшіне енген күнге дейін, бірақ әрі кеткенде 1 шілдеге дейінгі мерзімде, кенесшілерді іріктеп, жалдауға байланысты ең жоғары мөлшері 1.500.000 доллар сомасына баланған болуы шартымен Жоба шеңберінде жұмсалған шекті шығынды өтеу үшін Қарыз шотынан қаржы алынуы мүмкін.

#### 3-Қосымшаға толықтыру

#### КЕСТЕ

ҚАРЫЗ ҚАРЖЫСЫН БӨЛУ ЖӘНЕ ШОТТАН АЛУ  
(Жолды қалпына келтіру жобасы)

Санат		БАНКТИҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҮЛЕСІ
Нөмір	Айқындама (%)	Бөлінген сома   Процент   Қарыз шотынан қаржы алу негіздемесі
1	Жол салу жұмыс-	27000000   75   Жалпы шығыннан процент*



тары				-----
				(54%-шетел валютасымен,
				24%-жергілікті валютамен)
-----				
2  Жабдық	55000000	100	шетел валютасымен	
-----				
3  Консультациялық	4800000	100	бір бөлігі шетел	
қызметтер			валютасымен	
			-----	
		79	бір бөлігі жергілікті	
			валютамен	
-----				
4  Проценттер мен	6200000	100	төленуге тиіс сомадан	
комиссиялық			процент	
алым				
-----				
5  Бөлінбегені	6500000			
-----				
6  Жиыны	50000000			
-----				

\* Жергілікті салықтардан босатылады

#### 4-ҚОСЫМША

##### Сатып алу

1. Егер Банкпен басқаша келісілмесе, осы Қосымшаның кейінгі параграфтарында сілтеме жасалатын тәртіптер Қарыз қаржысынан қаржыландырылуға тиіс тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде қолданылады. "Қызметтер" деген терминге бұл Қосымшада консультациялық қызметтер кірмейді.

2. Тауарлар мен қызметтерді сатып алуға оқтын-оқтын толықтырылып отыратын, 1995 жылғы қаңтарда қайта қаралған "Азияның Даму Банкісінің қарызы шеңберінде сатып алу жөніндегі басшылық" ережелерінің күші қолданылады, ол Қарызгерге табыс е т і л г е н .

3. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу, егер 5-параграфта төменде басқаша көзделмесе, қандайда болсын белгілі бір жеткізушіге немесе мердігерге, яки жеткізушілер мен мердігерлердің белгілі бір сыныбына орайластықпен немесе

артықшылықпен ешбір шектеусіз жүзеге асырылады.

4. (а) Жолды қалпына келтіру жұмысы жөніндегі әрбір контракт және жабдық жеткізу жөніндегі контракт, сатып алу жөніндегі Басшылықтың ІІ тарауында жазылғанындай, халықаралық конкурстық сауда-саттық негізінде Қарыз туралы осы Келісімнің шарттарына сәйкес қаралатын болады.

(b) Халықаралық конкурстық сауда-саттық негізінде жасалатын контракт бойынша Банкке Сатып алу туралы жалпы хабарлама мүмкіндігінше тезірек және қайткенде де Жоба бойынша конкурстық сауда-саттыққа қатысу жарияланардан немесе алғашқы алдын-ала іріктеп шақырудан немесе алғашқы шақырудан (оны Банк бөлек жариялайды) кеш дегенде 90 күн бұрын Банк негізді түрде сұрататын нысанда, егжей-тегжейде, осындай ақпараттық мазмұнда табыс етіледі.

(с) Халықаралық конкурстық сауда-саттық негізінде жасалатын контрактілер бойынша сатып алу жөніндегі іс-әрекетті Банк Сатып алу жөніндегі Басшылықтың ІV тарауында баяндалған тәртіптерге сәйкес тексеруге тиіс. Осындай тәртіптерге орай бекіту үшін Банкке табыс етілетін әрбір алдын-ала іріктеп шақыру жобасы және халықаралық конкурстық сауда-саттыққа шақыру жобасы әрі кеткенде жарияланардан 42 күн бұрын Банкке түседі және онда Банк осы шақыру туралы жеке Жариялауды ұйымдастыра аларлықтай ақпарат болады.

5. Жергілікті конкурстық ұсыныстарды шетелдік ұсыныстармен салыстыру кезінде халықаралық конкурстық сауда-саттық жүйесі бойынша Қарызгердің таңдауына қарай және осы Қосымшаға Толықтырудың ережелеріне сәйкес Қазақстанда өндірілген тауарларға, осындай тауарларды ұсынып отырған сауда-саттыққа қатысушы Қарызгер мен Банкті қанағаттандыру, үшін қосылған құны конкурстық ұсыныста көрсетілген

осындай тауарлардың франко-зауыт бағасының ең болмағанда 20%-ін құрайтынын қуаттаған жағдайда, артықшылықтардың шегі көзделеді.

6. Қарызгер қаржыландыруға тиіс, есепті құны 13.500.000 долларға баланған жол күту жөніндегі жұмыстарды Жобаны орындау жөніндегі агенттік қолданыстағы шот негізінде орындайды.

#### 4-Қосымшаға толықтыру (1-бет)

Ел ішінде өндірілген тауарлар үшін артықшылық

1. Тауарларды халықаралық конкурстық сауда-саттық арқылы сатып алу кезінде қарызгер елінде дайындалған тауарларға мынадай ережелерге сәйкес және сауда-саттыққа қатысушы Қарызгер мен Банкті қанағаттандыру үшін қосылған құны конкурстық ұсыныста көрсетілген

франко-зауыт бағасының ең болмағанда 20%-ін құрайтынын қуаттаған жағдайда, артықшылықтардың шегі белгіленеді.

- (a) ел ішінде өндірілген тауарларға артықшылықты қолдану үшін шарттарға сай келетін барлық конкурстық ұсыныстар әуелі мынадай үш санат бойынша сыныпталады:
- (i) I санат: Қарызгер елінде дайындалған, ең төмен қосылған құнға сай келетін тауарларға конкурстық ұсыныстар;
  - (ii) II санат: Қарызгер елінде дайындалған басқа тауарларға конкурстық ұсыныстар;
  - (iii) III санат: шеттен әкелінген тауарлар ұсынатын конкурстық ұсыныстар.
- (b) Әрбір санат бойынша бағасы ең төмен конкурстық ұсыныс кейіннен әрбір Санат ішіндегі барлық бағаны салыстыра отырып, кеден бажын және әкелуге байланысты импортқа салынатын басқа да салықтарды, сатудан алынатын салықты және конкурстық ұсыныс шарттары бойынша тауарларды сатуға немесе жеткізуге байланысты салынатын осындай салықтарды есептемей айқындалады.
- (c) Мұндай бағасы ең төмен конкурстық ұсыныстар одан әрі бір-бірімен салыстырылады, егер осындай салыстыру нәтижесінде I санат II санат бойынша баға ең төмен баға болса, онда ол контракт жасасу үшін таңдап алынады.
- (d) Егер, қалай дегенмен, (c) тармақшасы бойынша салыстыру нәтижесінде ең төмен баға III санат бойынша болып шықса, онда ол одан әрі I санаттағы ең төмен бағасы бар конкурстық ұсыныспен салыстырылады. Тек онан әрі салыстыру мақсатымен ғана III санат бойынша ең төмен бағаға не:
- (i) Кеден бажының және төлеуден босатылмаған импортшы III сынып бойынша ұсынылатын тауарларды әкелгені үшін төлеуге тиіс импортқа салынатын басқа да салықтардың

сомасын; немесе

4-қосымшаға толықтыру  
(2-бет)

(ii) егер жоғарыда (i) тармағында айтылған кеден баждары мен импортқа салынатын салықтар конкурстық ұсыныстың C.I.F. бағасының 15%-інен асып түсетін болса, мұндай тауарларға конкурстық ұсыныстың C.I.F. бағасының 15%-ін

қосу жолымен көбейту жағына қарай түзету жасалады.

Егер осындай салыстырудан кейін I санаттан алынған конкурстық ұсыныстың бағасы барынша төмен болса, онда ол контракт жасасу үшін таңдап алынады; әйтпесе контракт III санаттағы, бағасы ең төмен конкурстық ұсынысқа беріледі.

2. Артықшылық алуға дәмелі сауда-саттыққа қатысушылар артықшылық

алу құқығын белгілеу үшін ең төмен қосылған құнды қоса қажетті ақпарат табыс етуге тиіс.

3. Сауда-саттыққа арналған құжаттарда берілетін артықшылықтардың айқын сипаттамасы, артықшылыққа осы конкурстық ұсыныстың құқығын белгілеу үшін қажетті ақпарат, ұсынылып отырған бағаны салыстыру кезінде басшылыққа алынуы керек тәртіптер, яғни жоғарыда жазылғандардың бәрі баяндалуға тиіс.

5-ҚОСЫМША

Кеңесшілер

1. Кеңесшілердің қызметі Жобаны орындау кезінде, атап айтқанда мыналарға пайдаланылады:

(a) егжей-тегжейлі жобалауға;

(b) құрылысты бақылауға;

(с) жолға күтім жасау кезінде көмек көрсетуге;

(d) пайданы тексеруге және бағалауға.

Кеңесшілердің шарттық талаптары қарызгер мен Банк арасындағы келісім бойынша айқындалады.

2. Кеңесшілерді іріктеу, жалдау және олардың қызметтері осы Қосымшаның ережелеріне және оқтын-оқтын толықтырылып отыратын, 1979 жылғы сәуірдегі "Азияның Даму Банкісінің және оның қарызгерлерінің кеңесшілерді пайдалану жөніндегі басшылығының" ережелеріне бағындырылады, ол Қарызгерге табыс етілді.

3. Қарызгер кеңесшілерді мынадай тәртіпке сәйкес іріктеп, жалдайды.

(a) Ұсыныс беруге шақыру. Ұсыныс беруге шақыруды және барлық ілеспе құжаттарды Банк олар жарияланғанға дейін бекітеді.

Осы мақсатпен ұсыныс енгізуге шақыру жобасының үш данасы, шақырылатын кеңесшілердің тізімі, ұсыныстарды бағалаудың ұсынылатын өлшемдері және басқа ілеспе құжаттар Банкке табыс етіледі. Әрі кеткенде 45 күндік кезең ұсыныстарды енгізу үшін беріледі. Түпкілікті шақырудың көшірмесі барлық ілеспе құжаттармен бірге Банкке шығарылғаннан кейін дереу ақпарат алу үшін Банкке табыс етіледі.

(b) Контракт жобасы. Кеңесшілермен контракт жобасы мақұлдау үшін ұсыныстарды бағалау басталардан көп бұрын Банкке табыс етілуге тиіс.

(с) Іріктеу үшін ұсыныстар. Алынған ұсыныстар бағаланғаннан кейін және келіссөз үшін іріктелген кеңесшілермен келіссөз басталмастан бұрын Банктен жасалған таңдауды мақұлдау алынуға тиіс. Осы мақсатпен Банкке ұсыныстар бағаланғаннан кейін дереу (i) ұсыныстар бағасының үш данасы (бұрын Банкке берілмеген әрбір ұсыныстың бір жиынтығымен бірге); (ii) таңдаудың негіздемесі табыс етіледі.

(d) Контрактың орындалуы. Келіссөз аяқталғаннан кейін, бірақ контрактіге қол қойылғанға дейін Банкке (i) бекіту үшін уағдаласылған контракт және (ii) ұсыныстардың бағасы табыс

етіледі. Контрактіге қол қойылғаннан кейін дереу Банкке қол қойылған контрактінің үш данасы табыс етіледі. Егер контрактіге қандайда бір елеулі толықтыру оны бекіткеннен кейін ұсынылатын болса, ұсынылатын өзгертулер алдын-ала бекіту үшін Банкке табыс етіледі.

## 6-ҚОСЫМША

Жобаны орындау және Жоба жабдығының жұмыс істеуі;  
өзге де мәселелер

### I. ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

#### A. Жобаны орындау

1. (a) Жол департаментінің жанынан құрылған Жобаның жүзеге асырылуын басқару тобы (PIU) Жобаның күн сайын орындалуы үшін жауап береді және ЖД, мердігерлер, жеткізушілер және Банк арасында қажетті байланысты қамтамасыз етеді. ЖД тағайындайтын Жоба басқарушысы PIU басшысы ретінде жұмыс істейді және кез келген уақытта саны жеткілікті жол инженерлерінің, материалдық-техникалық жабдықтау және топырақ жөніндегі инженерлердің, көпір жөніндегі инженерлердің, ілеспе қаржы қызметкерлері мен басқа да қызметкерлердің қолдауына ие болып  
о т ы р у ы к е р е к .

(b) Қарызгер Жоба шеңберінде пайдалану жөніндегі шараларды орындау үшін және PIU-дің Жобаны күнделікті орындауына көмектесу үшін 1997 жылдың 31 наурызына дейін тиісті қызметкерлермен жасақталған Пайдалану жөніндегі басқарманы (MIU) құруға тиіс, оны Пайдалану жөніндегі басқарушы басқарады.

(c) Қарызгер PIU мен MIU Жобаны орындаудың бүкіл кезеңі бойына тиісті қызметкерлермен жасақталуын, егжей-тегжейлі жобалау, құрылысты бақылау, жолды күту мен пайдалануда көмек көрсету үшін жалдануға тиіс кеңесшілердің өздеріне көмектесуін қамтамасыз етуге тиіс.

#### B. Жобаны Бақылау Комитеті

2. Көлікмині құрған Жобаны Бақылау Комитеті (ЖБК) Жобаны орындау кезеңі бойына жұмыс істеуге тиіс және (i) Жобаны орындауға тартылған агенттіктердің арасындағы байланысты, Банкпен келісілген секторлық реформаны қоса, Жоба

жөніндегі барлық шараларды бақылап, үйлестіреді; (ii) Жобаның орындалуының жай-күйін қарайды; (iii) қол жеткен табыстарды қадағалап, туындаған қиындықтарды шешеді; (iv) Жобаның аймақтың дамуына ықпалын талқылап, қарау үшін жиналыс шақырып отырады. ЖБК-ін Көлік және коммуникациялар министрі немесе оның өкілі басқарады, оның мүшелеріне ЖД Директорлары, Жобаның басқарушылары және КИИК пен Экономика министрлігінің өкілдері кіреді. ЖБК әрі кеткенде жылына екі рет және қажет болса, жиірек жиналуға тиіс.

## II. ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ

3. Қарызгер 1998 жылдың 30 маусымына дейін техникалық көмек жөніндегі кеңесшілердің кеңестерін ескере отырып, жолды пайдаланушылардың өндіріс шығынының орнын толтыруды жетілдіру үшін тиісті шаралар қолданады.

## III. БАСҚА ДА МӘСЕЛЕЛЕР

### A. Пайданы бақылау және оны бағалау

4. Қарызгер Жоба шеңберінде жалданатын кеңесшілердің көмегімен (a) жол қозғалысы жөніндегі деректерді, Жоба бойынша, пайданы бақылау үшін статистикалық деректер жиынтығын қоса, негізгі деректерді тіркеу үшін пайданы бақылау және оны бағалау жүйесін құрады; (b) ЖД-ға Жобадан түскен пайданы бағалауды, Жобаны орындау барысында Жобаның

нақты, қаржы, экономикалық және әлеуметтік аспектілері бойынша бақылау жүргізіп, есеп беруді міндеттейді.

### B. Аралық тексеру

5. Қарызгер мен Банк 1998 жылы Жобаға аралық тексеру жүргізеді. Тексерудің негізгі міндеттері:

- (a) секторлық реформаны орындауда Қарызгер қол жеткізген прогресті қарау;
- (b) Жобаның орындалуын тексеру және қажетті стандарттарға сай келуін айқындау;
- (c) Қарыз туралы осы Келісімнің шарттарына сай келуін қарау.

## С. Айналадағы ортаны қорғау

6. Қарызгер (i) айналадағы ортаны қорғау жөніндегі тиісті шаралар мен қауіпсіздік шараларының Жобаны әзірлеуге енгізілуіне кепілдік жасайды; (ii) Банк қаржыландыратын техникалық көмек шеңберінде әзірленген Айналадағы ортаны бастапқы саралауға (Т.П. N 2285-KAZ: Жолды қалпына келтіру бағдарламасын дайындау) және Банктің "Инфрақұрылымының кейбір жобалары үшін айналадағы ортаны қорғау жөніндегі басшылыққа" сәйкес Жобаны орындайды, Жоба жабдығын қ о л д а н ы п , п а й д а л а н а д ы .

## IV. САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### A. Реттеуіш реформалар

7. Қарызгер 1998 жылдың 30 маусымына дейін Көлік секторындағы құқықтық реформалар жөніндегі комитет (КСҚРЖК) құрады, ол Консультациялық техникалық көмек шеңберінде қаржыландырылатын кеңесшілердің жәрдемдесуімен (i) қолданыстағы заңдарды қазіргі заманғы нормаларға сәйкестендіреді және оны Парламенттің қарауына табыс етеді; (ii) Жол секторындағы саясат туралы ережеге сәйкес нұсқаулықтар шығарады (ЖССТЕ); (iii) көлік және жол секторларында қолданылып жүрген заңдарға жан-жақты шолу жасайды, қайта қаралған Жол заңдары мен ЖССТЕ-ге сай келуін қамтамасыз ету үшін талап етілетін кез-келген толықтырулар ж а с а й д ы .

8. КСҚРЖК-ні Көлік және коммуникациялар министрі немесе оның өкілі басқарады , оның мүшелерінің құрамына Әділет министрлігінің, АҚД-нің, ЖД-нің өкілдері және Парламенттің Көлік және коммуникациялар жөніндегі тұрақты комиссиясының бір м ү ш е с і к і р е д і .

### B. Секторлық реформалар

9. Қарызгер 1997 жылдың 31 желтоқсанына дейін Көлікминіне ЖССТЕ бойынша талап етілетін Көлік жөніндегі ұлттық консультациялық комитет (КЖҰКК) құруды міндеттеуге тиіс. КЖҰКК-ні Көлік және коммуникациялар министрі немесе оның өкілі басқарады, оның мүшелерінің құрамына Экономика министрлігінің, АҚД-нің, ЖД-нің, мемлекеттік көлік кәсіпорындары мен жеке секторлардың өкілдері кіреді.



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК